

"Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциялық нормативтер" нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 15 қарашадағы N 87 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 16 қарашадағы N 434 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет басқармасында 2001 жылғы 30 қарашада тіркелді. Тіркеу N 1690. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 412 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 қарашадағы N 412 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з) .

Зейнетақы активтерінің сақталысын және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару кезінде туындаған тәуекелдерді төмендетуді қамтамасыз ету, зейнетақы активтерін инвестициялау тәртібін нақтылау мақсатында, " Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 2 наурыздағы Заңының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциялық нормативтер" нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 15 қарашадағы N 87 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне е н г і з і л е д і .

3. Бағалы қағаздар нарығын реттеу департаменті (Шалғымбаева Г.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесе отырып осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күн ішінде осы қаулыны бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға осы қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктеумен), "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамының, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің және кастодиан - банктердің назарына жеткізсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
Жинақтаушы зейнетақы қорларының
қызметін реттеу жөніндегі комитетімен
к е л і с і л г е н

2001 жылғы 21 қараша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 1 ж ы л ғ ы 1 6 қ а р а ш а д а ғ ы
N 4 3 4 қ а у л ы с ы н а

қосымша

"Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциялық нормативтер" нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 15 қарашадағы N 87 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар

"Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциялық нормативтер" нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 15 қарашадағы N 87 қаулысына :

Аталған қаулымен бекітілген "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциялық нормативтер" нұсқаулығына :

1. 1-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) "Арнаулы кәсіпорын" - Special Purpose Vehicle (SPV): халықаралық облигациялар шығару мақсатында құрылған, жалғыз қатысушысы (акционері)

Қазақстан Республикасының ұйымы, осы заңды тұлғаның осы облигациялар бойынша міндеттемелеріне кепіл беруші болып табылатын шетелдік заңды тұлға;
"

2 . 3 - т а р м а қ т а :

1) 3) тармақшадағы "10 және одан көп" деген сөздер "10-нан 30-ға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 3-1) және 3)-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) Компанияның инвестициялық басқаруындағы және 10-нан 30-ға дейін миллиард теңгені құрайтын зейнетақы активтерінің ағымдағы құны кезінде, - мына формула бойынша есептелген өлшемдер: $K1_{min} = 0,01 \times 0,95n$, мұнда $K1_{min}$ - $K1$ коэффициентінің ең төменгі рұқсат етілген мәні; n - ПА - 25/5 бөлшегі мәнінің тұтас саны, мұнда ПА - Компанияның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің ағымдағы құны, миллиард теңге;

3-2) Компанияның инвестициялық басқаруындағы және 50 миллиард теңгені және одан көбін құрайтын зейнетақы активтерінің ағымдағы құны кезінде, - мына формула бойынша есептелген өлшемдер: $K1_{min} = 0,0086 \times 0,96n$, мұнда n - ПА - 45/5 бөлшегі мәнінің тұтас саны, мұнда ПА - Компанияның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің ағымдағы құны, миллиард теңге;"

3. 7-тараудың атауындағы "депозиттерге" деген сөз "салымдарға (депозиттерге)" деген сөздермен ауыстырылсын және "екінші деңгейдегі бір банктің депозиттік сертификаттарына" деген сөздер алып тасталсын.

4 . 2 6 - т а р м а қ т а :

1) бірінші азатжолдағы "депозиттерге" деген сөз "салымдарға (депозиттерге)" деген сөздермен ауыстырылсын және "екінші деңгейдегі бір банктің депозиттік сертификаттарына" деген сөздер алып тасталсын;

2) 1) тармақшаның бірінші азатжолындағы "депозиттерге" деген сөз "салымдарға (депозиттерге)" деген сөздермен ауыстырылсын және "екінші деңгейдегі бір банктің депозиттік сертификаттарына" деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

3) мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) екінші деңгейдегі банктің және банктің екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын аффилиирленген тұлғаларының бағалы қағаздарына, сондай-ақ осы тармақтың 1) тармақшасының төртінші азатжолымен, 2) тармақшасының төртінші азатжолымен және 3) тармақшасының төртінші азатжолымен белгіленген шектеулерді сақтай отырып осы банктегі салымдарға (д е п о з и т т е р г е) :

зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде - әрбір жеке Қордың Компанияның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтері көлемінің 1 0 % - ы ;

өз активтерін инвестициялау кезінде - Компанияның өз активтері көлемінің
1 0 % - ы ;

4) 2) тармақшаның төртінші азатжолында:

"өз капиталы мөлшерінің 25%-нен" деген сөздерден кейін "(осы Нұсқаулықтың 27-1-тармағымен белгіленген жағдайларды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

"санының" деген сөз "көлемінің" деген сөзбен ауыстырылсын.

5 . 2 7 - т а р м а қ т а :

1) бірінші азатжолдағы "депозиттерге" деген сөз "салымдарға (депозиттерге)" деген сөздермен ауыстырылсын және "екінші деңгейдегі бір банктің депозиттік сертификаттарына" деген сөздер алып тасталсын;

2) 3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) бір біріне қатысы бойынша аффилиирленген банктер бір банк ретінде танылады, бұл ретте осы Нұсқаулықтың 26-тармағының 1) тармақшасының төртінші азатжолымен белгіленген шектеу осындай банктердің әрқайсына қ а т ы с т ы қ о л д а н ы л а д ы ; "

3) мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын, бір біріне қатысы бойынша аффилиирленген эмитенттер екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын бір эмитент ретінде танылады, бұл ретте осы Нұсқаулықтың 26-тармағының 2) тармақшасының төртінші азатжолымен және 3) тармақшасының төртінші азатжолымен белгіленген шектеулер осындай эмитенттердің әрқайсына қ а т ы с т ы қ о л д а н ы л а д ы ;

3-2) осы Нұсқаулықтың 26-тармағының 1-1) тармақшасының және осы тармақтың 3) және 3-1) тармақтарының мақсаты үшін "Аффилиирленген тұлға" ұғымын қолдану практикасы туралы" Ұлттық комиссия Директоратының 1998 жылғы 26 қазандағы N 181 қаулысының нормалары пайдаланылады."

6. Мынадай мазмұндағы 27-1-тармақпен толықтырылсын:

"27-1. Зейнетақы активтерін Арнаулы кәсіпорын шығарған бағалы қағаздарға инвестициялау кезінде эмитенттің өз капиталы ретінде облигациялар шығаруға кепіл берушінің өз капиталы пайдаланылады."